



ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕВОДА И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акумлы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатова С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КЕЛІСУ/КЕЛІСПЕУШІЛІК АКТІЛЕРІ

Б.А. Жакупова

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

2-курс магистранты

Астана

Аңдатпа: Мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі келісу/келіспеушілік актілері мәселесіне арналған. Келісу/келіспеушілік актілері әртүрлі тілдерде сөйлейтін әртүрлі мәдениеттердің тасымалдаушылары арасындағы қарым-қатынас кезінде туындайды. Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі келісу/келіспеушілік сөйлеу актілерінің ерекшеліктері қарастырылды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі келісу/келіспеушілік актілерінің негізгі прагматикалық және прагматикалық айырмашылықтары анықталып сипатталды.

Түйін сөздер: келісу, келіспеушілік, сөйлеу актісі, мәдениетаралық коммуникация, тілдік сана.

Аннотация: Статья посвящена проблеме актов согласия/несогласия в казахском и английском языках, которая интерпретируется как отношения между носителями разных культур, говорящими на разных языках. Также анализируются особенности речевых актов согласия/несогласия в казахском и английском языках. Выявляются и описываются основные прагматические и семантико-прагматические различия между актами согласия/несогласия на казахском и английском языках.

Ключевые слова: согласие, несогласие, речевые акты, межкультурная коммуникация, языковое сознание.

Abstract: The article is devoted to the problem of acts of consent/disagreement in Kazakh and English, which is interpreted as the relationship between carriers of different cultures who speak different languages. The features of consent/ disagreement speech acts in Kazakh and English are also analyzed. The main pragmalinguistic and semanticpragmatic differences between acts of agreement/disagreement in Kazakh and English are identified and described.

Keywords: consent, disagreement, speech acts, intercultural communication, language consciousness.

Қазіргі таңда тіл білімінің зерттеу аясы сөйлеуші адамға бағытталған және тілді «энергия» деп қарастырады [1]. Қарым-қатынасқа, диалогтық қарым-қатынасқа, сөйлеу әсеріне қарым-қатынасты оңтайландыруға тікелей байланысты келісу/келіспеушілік актілері лингвистикалық зерттеулердегі өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Келісу/келіспеушілік актілері – бұл «тілдің коммуникативті қажеттілігіне кіретін» сөйлеу актілері, өйткені күнделікті сөйлеу қарым-қатынасы үшін коммуникант «оқиғаға (фактіге)» деген көзқарасын білдіре отырып, әңгімелесушінің пікірімен тікелей немесе жанама түрде келісетін жағдайлар табиғи болып табылады, немесе, қарсылық білдіріп, оны керісінше сендіруге тырысады» [2]. Бұл сөйлеу актілері тұлғааралық қатынастарды реттейді және сөйлеу қарым-қатынас үрдісіне белсенді қатысатын мәлімдемелер класы болып табылады. Ауызша қарым-қатынас барысында келісу/келіспеушілік көмегімен қарым-қатынасқа қатысушылар арасында коммуникативті-прагматикалық қатынастар орнатылып, адресаттың авторлық позициясы, оның тілдік және коммуникативтік құзыреттілігі сөйлеу барысында айқындалады. Осылайша, қарым-қатынас тиімділігінің маңыздылығы оның диалогтық дискурста кең таралуына байланысты келісу/келіспеушілік сөйлеу актісінің қасиеттерін, функцияларын және тілдік көрінісін зерттеудің өзектілігін анықтайды. Лингвистикалық ғылымның қазіргі кезеңінде зерттеушілердің сипаттамалық белгілерді, келісу/келіспеушілік функцияларын зерттеуге, сондай-ақ тікелей қарым-қатынас жағдайында сөйлеу құралдарын таңдауға деген қызығушылығы артпаса, әлсіреген жоқ, бұл жеке тілдердің материалында да, салыстырмалы түрде де жүзеге асырылатын жұмыстарда көрініс табуда.

Лингвистика ғылымының заманауи бағыттарын зерттеген Бижкенова А.Е, Дүйсекова К.К сынды қазақ ғалымдарының жұмысы осыған дәлел. Ағылшын тіл біліміндегі әдебиеттерге

жасалған шолу Джон Остин Лэнгшо, Джон Серл, Скотт Джейкобс сынды зерттеушілердің тілдік құбылыс ретінде келісу/келіспеушілік ерекшеліктерін сипаттауға, сондай-ақ оны білдірудің негізгі тәсілдерін жіктеуге деген көзқарастарының да маңыздылығын көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тілді халықтардың мәдени дәстүрлері әртүрлі шығыс және еуропалық мәдениетке байланысты түбегейлі айырмашылыққа ие. Дегенмен, әр түрлі ситуациялық қарым-қатынастардың келісім не болмаса келіспеушілік жағдайына қарай ерекшеліктері де бар. Мұның бәрі шет тілі мәдениетінің ерекшеліктерін білмей, келіспеушілікті дұрыс түсінбеу және «сауатсыз» сөйлеу арқылы ыңғайсыз және тіпті қақтығыс жағдайына түсуге болатындығына әкеледі. Қарым-қатынас жасау және мақсатқа жету өнері белгілі бір коммуникативті жағдайды және сұхбаттасушының «тілдік дәстүрлерін» ескере отырып, уақытында және дұрыс жерде келісу немесе келіспеу мүмкіндігін қамтиды.

Қарым-қатынас жасау барысында қазақ-ағылшын тілді өкілдерінің менталитеті тіке сөйлеу, ашықтық, адалдық сияқты ұғымдарды теңестіреді, сондықтан айтылған репликалардың жанама болуы, ауытқу немесе күмән, сұхбаттасушының жасырын және өз кезегінде адал еместігін білдіретін теріс бағалауды тудыруы мүмкін.

Негізгі айырмашылық – қарым-қатынас кезінде келіспеген ағылшын тілді коммуникант өзінің келісу/келіспеушілік ниетін жеткізгенде мәдениетті түрде өзі жайлы оң әсер қалдыруға тырысады. Ағылшын тілінде сөйлейтін серіктес келесі репликалық қадамды және сұхбаттасушының реакциясын алдын-ала білуге шара жасайды, бұл келіспеушілікті «жұмсартуға» әкеледі. Қазақ мәдениетінде сыпайы келіспеушілікті білдіру тек белгілі бір этикет аясына ғана тән.

Интеракция процесінде эмоционалды аспект маңызды рөл атқарады. Ағылшын тілді өкілдер қарым-қатынас кезінде шектеулі әдепті эмоциялармен ерекшеленеді, сөйлеу үрдісі кезінде негізгі мақсат ақпарат беру болып табылады [2]. Қазақ коммуниканттары сөйлеу үрдісі барысында өз ойларын тура білдіреді, бірақ сонымен бірге әдепті және адалдық пен ұстамдылық танытуды біледі. Қазақ тілінде келіспеушілік «кешіріңіз», «дегеніңіз білсін», «айып етпесеңіз, ғафу етіңіз» сияқты сөз тіркестерімен басталады. Ары қарай «алайда» немесе «бірақ», «бірақ істемеймін», «істей алмаймын» сөздері қолданылуы мүмкін не болмаса тілдесушінің не себепті келісе алмайтын себебі түсіндіріледі. Мысалы:

- Дегеніңіз білсін. Мен тек ау-құралдан айырылып қалмайық деп [3,60 б].

- Бірақ, олар да адам баласы ғой ...[3, 91 б].

Қазақ тілінің XV томдық түсіндірме сөздігінде **келісу** сөзі төмендегідей мағыналарды білдіреді [4]:

1. Өзара пікірлесіп бір тоқтамға келу: - Кәлен қарағым , соңына ерген мына халқын әрі ақылдасып, бері ақылдасып ақыры бүгін бір пәтуға келіп отыр...[3, 312 б].

2. Пәтуаласу, сөз байласу, уәделесу: - Мен қабылдаймын. Кәне, бері жүріңдер! [3, 38 б].

3. Келісімге келу, бітім жасау: – Бізді құдаң жіберді. Жанжал керек болмаса, дереу жайлауға көшсін деді. Жаңа жұртта, жақсы тілеу үстінде екі жастың тойын жасап, некесін қиямыз. Көнсең осы [3,183 б].

4. Жарасу, үйлесу, ұнау, сай келу : - «Әже!.. Әжеке, саған келін болайын? [3, 34 б].

Келіспеу лексикалық бірлігіне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде төмендегідей анықтама берілген:

1. Бір тоқтамға келмеу, әр түрлі пікірде болу: - Шамадан аспа, бала. Соңыра тексере қалса, өтірігің шығып, ұлық алдында ұят боп қалар [3, 106 б].

2. Бітім жасаспау; бас тарту : - Әй, мына ұрыны байландар!-деп еді, есік шалқалап ашылып, ішке еңгезердей екі жігіт кіріп келді [3, 46 б].

3. Ымыраға келмеу, келіспеушілік; алауыздық: «Не айтқын кеп отыр осы сен?» деген кескінде Құдайменде інісіне бұрылып жалт қарады. [3, 102 б]

4. Ұнамау, сай келмеу, үйлесімсіздік: -Ақсақал күн-түнді қайтесің. Онан да ұрлаған малдарыңды айт [3, 110 б].

Сөйлеу актілерін заманауи тұрғыда зерттеу Джон Остин Лэнгшоның қызықты «Сөздерді қалай жасау керек» (1962) монографиясынан басталады. Остин тіл қолданылған кезде

орындалатын әрекеттер арасындағы үш жақты контрастты, атап айтқанда локутивті, иллокутивті және перлокутивті сөйлеу актілерін жіктейді.

– Перлокутивті актілер – (лат. *per locutio* – «сөйлеу арқылы») – бұл қажетті нәтижеге жету үшін адресатқа саналы түрде әсер ететін қосымша мәлімдеме құралдарының жиынтығы.

– Локутивті актілер (лат. *locutio* – «сөйлеу») – бұл белгілі бір дыбыстарды айту немесе белгілі бір сөздерді қолдану және оларды белгілі бір тілдің грамматикалық ережелеріне сәйкес белгілі бір сілтемелерге сәйкес қолдану сияқты сөйлеу құрылысына қатысты сөйлеу актілері.

– Иллокутивті актілер (лат. *in locutio* – «сөйлеу процесінде») – бұл сөйлеу кезінде жасалатын әрекеттер [6].

Джон Остинның жұмыстарын жалғастырып зерттеген Дж. Серль бойынша иллокутивті актілер бір-бірімен мақсат және бірқатар басқа да белгілері бойынша өзара жіктелінеді және келісу/келіспеушілік актілері осы құрамға кіреді [7]. Келісу/келіспеушілікті білдірудің екінші тәсіліне семантикалық және синтаксистік тұрғыдан бөлінбеген «иә – yes», «жоқ – no», «әрине – sure» сияқты сөздер жатады. Бұл сөздер келісу/келіспеушілікті айқын көрсетеді, бірақ спикердің нақты келіспейтінін қамтымайды. «Келісу/келіспеушілік сөздері сөйлеушінің ұстанымын мазмұнды білдіру міндетінен босатылады: олар тек келісімнің коммуникативті-модальдық мағыналарын береді, оны негізінен бір лексемамен де білдіруге болады. Белгілі бір «ситуациялық-функционалдық маманданумен, стилистикалық, эмоционалды экспрессивтік, заттаңбалық-прагматикалық жоспардың қосымша реңктерінің бекітілуімен түсіндірілетін сөз-сөйлемдердің тізімі кең. Мысалы: «келісе алмаймын», «келісуім керек», «сөзіңізге күмәнім жоқ» – барлығы да келісу/келіспеушілік білдірудің үшінші тәсілін білдіреді.

Келісу/келіспеушілік актілері көбінесе сөйлеу процесінде кездеседі. Диалогтық бірліктегі келісім көрсеткіштері болып табылатын тіркестерге мыналар жатады:

а) Келісім маркерлері – қазақ тіліндегі «Иә» оң релятиві, ағылшын тіліндегі «Yes» релятиві; модальдық сөздер «әрине, еш қиындықсыз, еш шүбәсіз, шындығында»; ағылшын тілінде: «of course, undoubtedly, exactly, really» және т.б; қазақ тіліндегі; «жақсы», ағылшын тілінде «OK».

б) Позитивті коннотациялық маркерлік сөздер – керемет, тамаша, таңғажайып, өте дұрыс; ағылшын тілінде: *fine, good, perfect, all right*, т.б. Келісім маркері бола алатын қазақ тіліндегі «мүмкін» сөзі ағылшын тілінде «*maybe*»; қазақ тіліндегі «және» мен «*too*» – ағылшын тілінде;

Ағылшын сөйлеу этикетіне келер болсақ – бұл ағылшын тілінің сыпайы формасын беретін арнайы сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы, сондай-ақ осы сөздер мен тіркестер әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында практикада қолданылатын ережелер тізбегі. Сонымен қатар, ағылшын сөйлеу этикетінің ерекшелігі – сыпайылық пен әдептілік. Осылайша, егер ағылшын адамы өзінің сұхбаттасушысымен бірдеңемен келіспесе де, ол мұны ешқашан ашық және дөрекі түрде айтпайды, бірақ, мысалы, осындай өрнектерді қолдана отырып, өз көзқарасын мүмкіндігінше сыпайы түрде дәлелдеуге тырысады. Осы орайда ағылшын жазушысы Джейн Остиннің «Тэкаппарлық пен жаңылыс» кітабынан ағылшын халқының сөйлеу мәдениетінің ерекшелігін көруге болады:

– But all you have to do is say the word and I will never speak of them again [5,40 б.]. – Бірақ, сіз бір сөз айтсаңыз жеткілікті және мен ешқашан бұл жайлы сөз қайтадан қозғамаймын

– No, Lizzy, let me once in my life feel how much I have been to blame [5, 43 б].

– Жоқ, Лиззи, маған өмірімде кем дегенде бір рет кінәнің терендігін сезінуге мүмкіндік беріңіз.

Ағылшын тіліндегі келісу реакцияның көрінісі этикеттің сөйлеу формулаларының саласына кіреді, оның иесі спикердің коммуникативті құзіреттілігінің бөлігі болып табылады:

– I quite agree with you, madam," Mr Bennett said [5,296]. – Мен сізбен толық келісемін, мадам, – деді Беннетт мырза.

– Are you sure about this? Jane asked. - Is there any misunderstanding here? [5,46 б] - Сіз осыған сенімдісізбе? – деп сұрады Джейн. Мұнда қандай да бір түсініспеушілік бар ма?

- I heartily agree with you. I'd even buy Pemberley if Darcy sold it [5, 68 б] . - Сізбен шын жүреппен толықтай келісемін. Мен тіпті Пемберлиді де сатып алушы едім, егер Дарси сататын болса.

Сыпайылық көріністерін британдықтар ерте балалық шақта дерлік механикалық түрде сіңіреді және ауызекі тілде оны еркін қолданады. Бұл тұлғааралық қарым-қатынасқа өзара құрмет, жылулық, ізгілік сезімін әкеледі. Керісінше, қарым-қатынастың белгілі бір жағдайында уақтылы жауап бере алмау немесе сыпайы жауап бере алмау қарым-қатынасты бұзуы және әңгімелесушілердің қарым-қатынасына теріс әсер етуі мүмкін.

Ағылшын сөйлеу мінез-құлқының тағы бір ерекшелігі – жанжалсыздық. Мысалы, әңгіме келіспеушіліктерді болдырмау үшін, әсіресе пікірлердің ашық қақтығысын болдырмау үшін жүргізіледі. Британдықтар әрқашан әңгімелесушіні оған қарсы болмай тыңдай алады, бірақ бұл олардың келісетінін білдірмейді, мысалы:

– *You mistake me, my dear. I have a high respect for your nerves* [5, 2 б] – Сіз қателесесіз, қымбаттым. Мен сіздің жүйке талшықтарыңызды жоғары бағалаймын .

– *If you and Miss Bennet will put off your bickering until I leave the room, I will be much obliged to you. And then you can say whatever you want about me* [5. 37 б]- *Егер сіз Беннет ханыммен бірге келіспеушіліктеріңізді мен бөлмеден шыққанша кейінге қалдырсаңыз, мен риза болушы едім. Содан соң сіз мен туралы қалағаныңыздың бәрін айта аласыз.*

Зерттеу барысында қазақ тілінің сөйлеу актілеріне мысал ретінде қазақ авторларынан Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» кітабының бірінші томы және қазақ тілінің XV томдық түсіндірме сөздігі алынды. Ағылшын сөйлеу мәдениеті бойынша Джейн Остиннің «Тэкаппарлық пен жаңылыс» кітабы сараланып, келісу/келіспеушілік актілері әртүрлі жағдайларға байланысты жан-жақты зерттелді. Ағылшын тілінде сөйлеу актісінің ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушілікті білдіру жолдары талданды, өйткені ұлттық сөйлеу этикеті әр сөйлеу процесіне өз ізін қалдырады. Зерттеу нәтижесінде ағылшындардың эмоционалды және имплицитті құралдармен келіспеушілігін білдіретіндігі анықталды, ал қазақ халқы әдепті, бірақ келіспеушілігін және өз пікірін тікелей білдіруді қалайтынына көзіміз жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бижкенова А.Е, Дүйсекова К.К.Современные направления лингвистической науки. Алматы 2017.- С. 1.
2. Scott Jacobs . Speech Acts and Arguments-201.1989.- 6 p.
3. Әбдіжәміл Нұрпейісов . Қан мен тер. I кітап. Ымырт.1961.-3-312 бб.
4. ҚТТС IV - Қазақ тілінің XV томдық түсіндірме сөздігі .- 595 бб.
5. Джейн Остин "Тэкаппарлық пен жаңылыс", ("Гордость и предубеждение"), 1813.- 2 - 69 бб.
6. Austin John L. How to Do Things with Words, Clarendon, Oxford 1962.- 27 p.
7. John Searle, *Speech Acts*, Cambridge University Press 1969, ISBN 0-521-09626-X.- 31 p.